| Ұйымдастырылған оқу қызметтері                           | <b>1.Қоршаған ортамен танысу</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Заттар әлемі. Кеңістікте бағдарлау»<br><b>Мақсаты:</b> балалар заттар туралы, оларды кеңістікте бағдарлай біледі. Кеңістікте бағдарлау түсінігі бар.<br><br><b>2.Дене шынықтыру</b><br>М.Ж.Б.<br><br><b>3.Сурет салу</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Мен достарымды бейнелеймін»<br><b>Мақсаты:</b> шынайы бейнесінен және елестетуі суреттерін салады; суретті салуда мәнерлеу құралдарын, қазақтың ою-өрнек элементтерін қолданады; сюжетті суреттерді салады. | <b>1. Сауат ашу</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Сөз»<br><b>Мақсаты:</b> ана тіліндегі барлық дыбыстарды айта алады;дыбыстарды анық айтуды, интонацияны игерген; сөздерге дыбыстық талдау жасайды;<br><br><b>2. Дене шынықтыру</b><br>М.Ж.Б. | <b>1. ҚМҰҚ</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Кеңістікте бағытталу (үлкен-кіші)»<br><b>Мақсаты:</b> балалар кеңістікте бағдарлай алады, үлкен кіші ұғымдарын біледі, салыстыра алады.<br><b>Дид\ о.</b> «Жасырынған санды тап»<br><b>М:</b> Балалар жасырынған сандарды ажыратып айта алады.<br><br><b>2. Музыка</b><br>М.Ж.Б. | <b>1.Сөйлеуді дамыту</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Мен жазды қалай өткіздім?»<br><b>Мақсаты:</b> балалар жаз мезгілінде уақытты қалай өткізгендігі туралы түсінігін айта біледі. Сұрақтарға жауап береді.<br><br><b>2.Көркем әдебиет</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Алтын күз»<br><b>Мақсаты:</b> негізгі ойды дұрыс жеткізе алады; әңгімелерді бірізді айтып береді; әңгіменің жалғасы мен соңын құрастырады баяндау сипатын сезініп, шығармалардың мазмұнын эмоциалы қабылдай алады.<br><br><b>3.Дене шынықтыру</b><br>М.Ж.Б: | <b>1.Сауат ашу негіздері</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Сөз»<br><b>Мақсаты:</b> балалар дыбыстарды ажыратып айта біледі, дыбысты анық айта алады. Балалардың сөздің дыбыстан құралатыны туралы түсінігі бар.<br><br><b>2.Құрастыру</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Балалар алаңқайы»<br><b>Мақсаты:</b> Балалар құрастыруға арналған материалдармен ұқыпты, елестету арқылы құрастыра алады.<br><br><b>3. Музыка</b><br>М.Ж.Б. |

|        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|--------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Серуен | <p><b>Ауа райын бақылау.</b><br/> <b>М:</b> Күз мезгілінің ерекшеліктерін бақылай алады.<br/> Балалар күз мезгілі туралы әңгімелей алады.<br/> <b>Дид\о.</b> «Ауа райын сипатта!» М: ауа райына байланысты сөздерді таңдап айта алады. (ашық, жылы, суық, құрғақ, желді, жаңбырлы, тұманды)</p> <p><b>Еңбек:</b> Аула сыпырушы апайға көмек көрсетеді.<br/> <b>Мақсаты:</b> Тазалық жасау дағдыларын қолданады.<br/> <b>Шығарылатын материалдар:</b> Күрекшелер, шелектер, қаптар.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орын алмастыру»<br/> <b>Мақсаты:</b> Ережені сақтай отырып, ойынға қызығушылығын, белсенділігін көрсете алады.</p> <p><b>Шарты:</b>Залдың ортасына арқан тасталып, зал екіге бөлінеді. Әр топ өз алаңына барып тұрады. «Жүгір!» деген белгі бойынша балалар шашырай өз алаңында жүгіріп жүреді, олар ырғи</p> | <p><b>Күнге бақылау жасау</b><br/> <b>М:</b> Күн көзінің күз кезіндегі белсенді өзгерісін бақылайды. Күннің маңыздылығын адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында әңгімелейді. (жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын).<br/> <b>Еңбек:</b> Ойын ауласын жинайды, тәрбиешіге көмек көрсетеді.<br/> <b>Мақсаты:</b> Тазалық жасау дағдыларын біледі және тәжірибеде қолданады.<br/> <b>Шығарылатын материалдар:</b> Күрекшелер, шелектер.</p> <p>«Тату тәтті отбасы» қимылды ойыны<br/> <b>Шарты:</b> Алаңда балалар әр отбасы болып бөлінеді. Әуенмен билеп жүреді. Педагог әуенді тоқтатады да: «Тату тәтті жанұяда 2 (3,4) адам тұрады!» деп хабарлайды. Сол кезде балалар аталған санға қарай бөлінуі тиіс. Осылайша ойын жалғаса береді.<br/> <b>Мақсаты:</b> Тез шешім қабылдай алуға, жылдамдыққа, ептілікке, сыйластыққа үйрету.</p> | <p><b>Жаңбырды бақылау.</b><br/> <b>М:</b> Табиғат құбылысы жаңбырды бақылайды. Жаңбырдың өсімдіктерге, жерге пайдасы туралы әңгімелейді.<br/> <b>Еңбек:</b> Ойын ауласындағы түскен жапырақтарды жинайды, тәрбиешіге көмек көрсетеді.<br/> <b>Мақсаты:</b> Тазалық дағдыларын біледі және тәжірибеде қолданады.<br/> <b>Шығарылатын материалдар:</b> Қаптар, шелектер, күрекшелер.</p> <p>«Тұзақ» қимыл ойыны<br/> <b>Мақсаты:</b> Ережені сақтай отырып, ойынға қызығушылығын, белсенділігін көрсете алады.<br/> <b>Шарты:</b> Балалар екі шеңбер құрып тұрады. Ішкі шеңбердегі балалар қол ұстасып бір бағытқа, ал екінші шеңбер қарсы бағытқа айналады. Педагогтің белгісімен екі шеңбер де тоқтайды. Ішкі шеңберде тұрғандар қолдарын көтеріп қақпа құрады. Қалғандары қақпа астынан өтіп, біресе шеңберге кіреді, біресе жүгіріп шығады.</p> | <p><b>Топырақты бақылау.</b>Балабақша ауласындағы топырақты бақылайды. топырақтың пайдасы туралы әңгімелейді.<br/> <b>Еңбек:</b> топырақты босатуға көмек көрсетеді.<br/> <b>Мақсаты:</b> топыраққа гүлдерді егу жолдарын біледі.<br/> <b>Шығарылатын материалдар:</b>гүлге су құйғыш, күрекшелер, шелектер.<br/> <b>«Сымсыз телефон»</b> ойыны<br/> <b>Шарты:</b>Балалар қатарласа отырады. Ойын бастаушы бір сөзді айтады да, келесі ойыншыға құлағына сыбырлап жеткізуге ұсынады. Ол сөздібала ешбір өзгертпестен дұрыс жеткізуі керек. Солайша жағалай сөзді бір-бірінің құлағына айтып шығады. Ең соңында айтылған сөз ойынбасқарушы ға жетеді. Егер сөз өзгермей сол қалпында жетсе ойын әрі қарай жалғасады. Өзгеріп кетсе өзгерткен (дұрыс естімеген) ойыншыны таубы керек. Ол ойыннан шығарылады.<br/> <b>Мақсаты:</b></p> | <p><b>Құстарды бақылау.</b> Балабақша ауласындағы құстарды бақылайды. Құстардың ағаштарға, өсімдіктерге пайдасы туралы әңгімелейді.<br/> <b>Еңбек:</b> Балабақша ойын ауласындағы жапырақтарды жинайды, тәрбиешіге көмек көрсетеді.<br/> <b>Мақсаты:</b> Тазалық туралы біледі.<br/> <b>Шығарылатын материалдар:</b> гүлге су құйғыш, күрекшелер, шелектер.</p> <p>«Тауықтар мен балапандар»<br/> <b>Мақсаты:</b> Балалардың қимыл қозғалыстарын арттыру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілікке, адалдыққа, мейірімге, сыйластыққа тәрбиелеу.<br/> Ойынның шарты : Балалардың жартысы тауықтар , ал қалғандары балапандар болады. Балапандары аулада серуендеп, ойнап жүреді де, аналарынан тығылып қалады. Аналары балапандарын іздейді</p> <p>(Педагог жетекшілігімен ойын)<br/> (4К: сыни ойлау)</p> |
|--------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|



|                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                              |                                                                                         |                                                                                                                                                               |                                                                   |
|--------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|
|                                            | <p>секіріп, өз-өзін айнала секіреді «Ауыс!» деген белгі берілгенде, топтар орын алмастырады.</p> <p><i>(Құрылымдалған ойын)</i><br/>(4К: сыни ойлау)<br/>(Бала үні)</p>                                                                                                                                                                                                                                  | <p><i>(Педагог жетекшілігімен ойын)</i><br/>(4К: сыни ойлау)<br/>(Бала үні)<br/>Еркін ойындар.Жасырынбақ</p> | <p><i>Педагог жетекшілігімен ойын)</i><br/>(4К: сыни ойлау)<br/>(Бала үні)</p>          | <p>Ептілікке, шыдамдылыққа, зейінін қалыптастыруға үйрету,есту қабілетін дамыйды.<br/><i>(Педагог жетекшілігімен ойын)</i>(4К: сыни ойлау)<br/>(Бала үні)</p> | <p>(Бала үні)</p> <p>Дербес ойындар ойнайды.<br/>(еркін ойын)</p> |
| Серуеннен оралу                            | <p>Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі. Гигиеналық шаралар. Ойын- жаттығу</p> <p>Сырттан келіп үнемі,<br/>Сабынмен қол жуамыз,<br/>Таза болды мұнтаздай,<br/>Тағамға қол созамыз.</p>                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                              |                                                                                         |                                                                                                                                                               |                                                                   |
| Түскі ас                                   | <p>Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі</p> <p><b>Ойын- жаттығу :</b><br/>Ас ішер кезде,<br/>Сөйлемейміз, күлмейміз<br/>Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.<br/><b>Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"</b></p>                                                                                                                       |                                                                                                              |                                                                                         |                                                                                                                                                               |                                                                   |
| Ұйқы                                       | Балалар жағымды әуенмен, жақсы тілектерді тыңдап жатып, ұйықтайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                              |                                                                                         |                                                                                                                                                               |                                                                   |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | <p>Жағымды дауыспен, әуенмен балалар оянады. Балалар өз қалаулары бойынша орындарынан тұрмай керілу, созылу жаттығуларын жасайды.</p> <p>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүреді. Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындайды.</p> <p><b>Ойын- жаттығу:</b> Жуыну жолдары<br/>Таза суды сүйемін<br/>Тап-таза болып жүремін<br/>Мұрын, ауыз қолымды</p> |                                                                                                              |                                                                                         |                                                                                                                                                               |                                                                   |
| Бесін ас                                   | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                              |                                                                                         |                                                                                                                                                               |                                                                   |
|                                            | <b>Вариативтік компонент</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                              |                                                                                         |                                                                                                                                                               |                                                                   |
|                                            | 1.Хареография<br>М.Ж.Б.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                              | 1.Сауат ашу                                                                             | 1.Драма                                                                                                                                                       |                                                                   |
| Ойындар, дербес әрекет<br>Баланың жеке     | Дид\ о. «Анаң гүл жина»<br><b>М:</b> көктемгі гүлдердің атауларын есте сақтайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | <b>СРО: «Жемістер дүкені»</b><br><b>Мақсаты:</b> Ойын                                                        | <b>СРО:«Киім дүкені»</b><br><b>Мақсаты:</b> Ойын барысында рөлдерді ойнай алады. Сатушы | <b>СРО: Дәрігер»</b><br><b>Мақсаты:</b> Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната                                                                           |                                                                   |

|                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|----------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| даму картасына сәйкес жеке жұмыс | <p>Біркелкі гүлдерден бума жасайды.</p> <p><b>Шарты:</b> тәрбиеші үш баланы ортаға шығарып, әрқайсысына бір гүлден беріп аттарын айтады. Буманы тек бірдей гүлдерден жинау керектігін түсіндіреді. Балалар тағыда екі-екіден гүл табады.</p> <p>( Педагог жетекшілігімен ойын)</p> <p>(4К: сыни ойлау)</p> <p>(Бала үні)</p>                                                                                                                                               | <p>барысында рөлдерге бөлініп ойнай алады. Сатушы әртүрлі жемістердің түрлері туралы әңгімелей алады.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Сатушы қызбен сатып алушы баланың арасында жақсы қарым-қатынасты нығайта алады, эмоционалды қабылдай алады.</p> <p>(4К: сыни ойлау)</p> <p>(Бала үні)</p>                                                                                                         | <p>әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелеп айта алады.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Сатушы қызбен сатып алушы баланың арасында жақсы қарым-қатынасты нығайта алады, эмоционалды қабылдай алады.</p> <p>Өз еркімен ойын.</p> <p>Балалар қалаған ойыншықтарымен ойнайды.</p> <p>(еркін ойын)</p>                                                                                                                                                         | <p>отырып, тіл байлығын жетілдіре алады, сөздік қоры молаяды.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Үлкендер еңбегін құрметтеп, сыйлап, жақсы көңіл күйде қабылдайды.</p> <p>Балалар ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейілділікке тәрбиеленеді.</p> <p>(4К: сыни ойлау)</p> <p>(Бала үні)</p>                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| Серуенге дайындық                | Киіну: Серуенге шығу. Серуенге қызығушылығын туғызу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| Серуен                           | <p><b>Қимылды ойын:</b> «Мысық пен тышқан» (педагог жетекшілігімен ойын)</p> <p><b>Мақсаты:</b> балалрдың сөздік қорын молайту, олардың алған білімдерін бекіту.</p> <p><b>Шарты:</b> балалар шеңбер құрып тұрады, ортаға шыққан баланың бірі мысық, бірі тышқан болады. Мысық тышқанды қуа жөнеледі, Тышқан құтылып кете алмаса, ұтылып, өлең тақпақ айтады.</p> <p><b>Балалармен жеке әңгімелесу.</b></p> <p><b>(Бала үні)</b></p> <p>( Педагог жетекшілігімен ойын)</p> | <p><b>Ұлттық ойын:</b> «Арқан тарту»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ережені сақтай отырып, ойынға қызығушылығын, белсенділігін көрсете алады.</p> <p><b>Шарты:</b> балалар екі топқа бөлінеді. Ортада қызыл сызық болады. Балалар арқанның екі жағынан тартады. Қызыл сызықтан өтіп, өз жағына тартса сол топ жеңіске жетеді. Марапаттаймыз. Ойын осылайша жалғасады.</p> <p>( Педагог жетекшілігімен ойын)</p> | <p><b>Қимыл қозғалыс ойыны:</b> «Жаңбыр мен күн »</p> <p><b>М:</b> Шапшандыққа үйренеді, балалардың көңіл күйі көтеріледі.</p> <p><b>Шарты:</b> Тәрбиеші «Жаңбыр жауды! Тығылындар!»- дегенде, балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады.</p> <p>Тәрбиеші: «Жаңбыр басылды. Күн шықты! Кемпірқосақ көрінді», - дегенде, балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді.</p> <p>( Педагог жетекшілігімен ойын)</p> <p>Балалармен жеке әңгімелесу.</p> | <p><b>Ұлттық ойын:</b> «Көтермек»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ережені сақтай отырып, ойынға қызығушылығы арттады.</p> <p><b>Шарты:</b> Ортаға екі бала шығады. Бір-бірлеріңе арқаларын тіреп қолдарын шынтақтастырады. Жүргізушінің белгісінен кейін қайсысы бұрын екінші баланы көтеріп алса, ұтқан болып есептелінеді. Жеңіске жеткен бала ортада қалып, келесі баламен сайысқа түседі.</p> <p>( Педагог</p> | <p><b>Қимыл қозғалыс ойын:</b> «Жер, су, ауа»</p> <p><b>Мақсаты:</b> өтілген дыбыстарды қайталап, пысықтау.</p> <p><b>Шарты:</b> Балалар екі жаққа бөлініп тұрады, бастаушы ортаға шығып, допты балаларға лақтырады да жер, су, ауа сөзінің біреуін айтады, допты алған бала жерде, ауада, немесе суда тіршілік ететін затты айтады.</p> <p>( Педагог жетекшілігімен ойын)</p> <p>Балалармен жеке әңгімелесу.</p> <p>(Бала үні)</p> |

|                           |                                                                                                                 |                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                           |
|---------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                           | (4К: сыни ойлау)<br>(Бала үні)                                                                                  | (4К: сыни ойлау)<br>(Бала үні)                                                                                                                                        | (Бала үні)                                                                                                                       | жетекшілігімен ойын)<br>(4К: сыни ойлау)<br>(Бала үні)                                                                                                                            |                                                                                                                                                           |
| Балалардың<br>үйге қайтуы | Балалардың денсаулығы,<br>тазалығы жөнінде әңгімелесу.<br><br>"Тұтас бала бейнесі" :<br>(Бала-тәрбиеші-Ата-ана) | <i>Ата –аналарға кеңес</i><br>Ешқашан балаға қол<br>жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі<br>бірге болыңыз.<br><br>"Тұтас бала бейнесі" :<br>(Бала-тәрбиеші-Ата-<br>ана) | Ата-аналармен жұмыс:<br>. Бала тәрбиесіне көңіл<br>бөлуді ескертіледі..<br><br>"Тұтас бала бейнесі" :<br>(Бала-тәрбиеші-Ата-ана) | Ата-аналармен жұмыс:<br>Баланың бүгінгі<br>жетістігі туралы<br>әңгімелесу. Бала<br>тәрбиесіне көңіл<br>бөлуді ескертіледі.<br>"Тұтас бала бейнесі"<br>(Бала-тәрбиеші-Ата-<br>ана) | Ата-аналармен жұмыс:<br>Демалыс күндері күн тәртібін<br>сақтауын ата-аналардан талап<br>етіледі.<br><br>"Тұтас бала бейнесі" :<br>(Бала-тәрбиеші-Ата-ана) |

**Циклограмма**  
**Бір аптаға (12 - 16 қыркүйек 2022 жыл)**  
**№11 МАД тобы**

**Өтпелі тақырып: «Балабақша»**

**Апталық тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»**

**Мақсаты:** балалар өз түсінігін айта біледі, сұрақтарға жауап бере алады, сөйлеуде зат есімді жекеше, көпше түрде қолдана алады, сөздерде «э,ө» дыбыстарды анық айта біледі.

| Күн тәртібі                                    | Дүйсенбі                                                                                                                                                                                                    | Сейсенбі                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Сәрсенбі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Бейсенбі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Жұма                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Балаларды қабылдау<br>Ата-аналармен әңгімелесу | Ата-аналарды, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу.<br>Бала денсаулығын сақтау туралы ата-аналармен әңгімелесу. Балалардың көңіл-күйін көтеретін балабақшадағы бұрыштарды көрсету. Жағымды жағдай орнату. |                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| Ойындар (үстел үсті, дидактикалық ойындар т.б) | Балабақшадағы жиһаздарды әңгімелеп айтады.<br><b>М:</b> қарапайым әңгіме құрастырып айта алады, өз ойын ашық жеткізе алады.<br><b>Шарты:</b>                                                                | <b>Дид\ о.</b><br>«Жиһаздарды ажырат»<br><b>М:</b> жиһаздарды ажырата алады<br><br><b>Ойын шарты:</b> тәрбиеші балаларға жиһаздардың суретін көрсетеді. Балалар жиһаздарды ажыратады және оның неден жасалатынын айтады.<br><i>(педогог жетекшілігімен ойын) (4К: Сыни ойлау, Бала үні, ашық сұрақтар)</i> | <b>«Затты сипатта»</b><br><b>М:</b> затты көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту.<br><b>Шарты:</b> әр түрлі жемістер немесе көкөністер суреттері салынған ыдыстан бала бір затты алады. Сонан соң затты жан жақты сипаттайды, заттың атын атап, буынға бөледі.<br>(4К: Сыни ойлау) | <b>Дид\ о.</b> «Сандарды тура және кері санау»<br><b>М:</b> балалар сандарды ажырата алады, тура және кері санай алады.<br><b>Шарты:</b> Балалар шеңбер жасап отырады, тәрбиеші балаларға кезекпен 1-5 ке дейінгі сандарды тура және кері санатады.<br><br><i>(педогог жетекшілігімен ойын) (4К: Сыни ойлау, Бала үні)</i> | <b>Дид\ о.</b> «Кім тапқыр»<br><b>М:</b><br><b>Шарты:</b> балаларға адам қолымен жасалатын заттардың тобын атаймыз, олар сол топқа қатысты заттардың атын атауы қажет.<br>Мысалы: Темір ыдыс –аяқ: ожау, қазан...<br>Үй жиһаздар: диван, шкаф,.....<br><i>(педогог жетекшілігімен ойын)</i><br><br>(4К: Сыни ойлау) |
| Таңертеңгі гимнастика (5 мин)                  | Балалардың дене бітімін шынықтыру, дене сымбаттылығын қалыптастыру мен денсаулығын нығайтуға арналған жаттығулар жасау.                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
